

С. Д. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
С. Д. АСФЕНДИЯРОВА

Карантинді және басқа да аса қауіпті инфекциялардың таралуынан және енуінен еліміздің аймағын санитарлық қорғауды ұйымдастыру

Топ: ЖМ14-012-2к

Орындаған: Турсын.А

Қабылдаған: Ғабасова.М.Қ

Жоспар:

- **1.Кіріспе**
- **-Қауіпті жұқпалы аурулар**
- **2. Негізгі бөлім**
- **- Қазақстан Республикасындағы санитарлы-карантиндік бақылау**
- **3.Қорытынды**

Кіріспе

- Микроорганизмдер тірі ағзалар және өсімдіктерде қауіпті ауруларды қоздырғыштары болып есептеледі. Тағамдық азықтарды, түрлі ауыл шаруашылығы өнімдерін бүлдіріп, халық шаруашылығына зор зиян тигізеді. Бір ғана وبا ауруынан 50 млн адам қырылды, 17-18 ғасырда табиғи шешек ауруынан жылсайын 10 млн қайтыс болып отырды, осы соңғы ғасырдың ортасында грипп ауруынан (испанка) 10 млн адам қаза тапты



- . Микроорганизмдер жердің барлық геологиялық сфераларында – литосферада, гидросферада, атмосферада табылады. Бұлардың екеуі микроорганизмдер сақталатын және тіршілік ететін орталар, ал үшіншісі – уақытша мекендеу және таралу ортасы



- Инфекциялық аурулар, соғысқа карағанда адам өмірін көптеп алып кеткенін статистиканың өзі дәлелдеп отыр. Деректер мен жылнамалар орасан зор аумақты қиратқан және миллиондаған адамды жойып жіберген жан түршігерлік пандемияның сипаттамасын біздің заманымызға дейін жеткізген. Кейбір инфекциялық аурулар тек адамдарға ғана тән: азиялық тырысқак, шешек, іш сүзегі, бөртпе сүзек және т.б. Сондай – ақ адам мен жануарларға ортақ аурулар да бар: топалаң, маңқа, сарып, туляремия және т.б

● **Карантин** (итал. quarantena, quaranta giorni – қырық күн), уақытша тыйым салу – жұқпалы ауруларға шалдыққан немесе сол індеттер бойынша күдікті адамдар мен жануарларды жұқпалы аурулардан сақтауға, сол аурулардың жан-жаққа таралмауы үшін алдын ала жүргізілетін әкімшілік, медициналық-санитариялық, ветеринариялық-санитариялық кешенді шаралар жүйесі.





- Аймақтық санитарлық қорғау идеясы денсаулық сақтау ұйымдарының дамыған инфрақұрылымын, қажетті көмек көрсете алатын және жергілікті инфекциялық аурулар мен сырттан келген инфекциялық аурулардың таралуының алдын алатын қызметкерлер құрамын қалыптастырады.



**World Health
Organization**

- Мемлекет аумағын қорғаудың маңызды аспектілерінің бірі – жылдам эпидемиологиялық ақпараттың болуы. Бұл бағыттағы маңызды жұмысты ДДСҰ атқарады. Сұраныс арқылы күнделікті эпидемиологиялық ақпараттар мен апта сайынғы мәліметтер түрінде жеткізеді.

● Санитарлы-
карантиндік бақылау
– республика аумағына
жұқпалы, паразитарлық
ауруларды, сондай-ақ,
адам денсаулығына
қауіпті деген заттарды
және өнімдерді өткізбеу
үшін мемлекеттік
шекарадан өтетін
адамдарға және жүктерге
бақылау жасау.





- ***Аурумен қарым-қатынаста болғандарды анықтау*** - медициналық-санитарлық шараларды қолдану үшін аурумен қарым-қатынаста болғандарды анықтайтын үрдіс
- ***Медициналық (санитарлық) тексеріс*** - медициналық-санитарлық құжаттарды, көліктерді, керек болған жағдайда экипажды (бригадаларды) және жолаушыларды медициналық тексерістен өткізу; зертханалық тексеріс жүргізу үшін сынамаларды алу
- ***Медициналық бақылау*** - медициналық қызметкерлер арқылы жұқпалы аурулармен ауырған аурумен қарым-қатынаста болған адамдардың арасынан ауырғандарды тауып, оқшаулау үшін жүргізілетін күн сайын жүргізілетін бақылау;



- Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы уәкілетті органы республика азаматтары шет елге шығарда ауруға қарсы егу керектігі көрсетілген елдердің тізімін жасап, ол тізімді және оған қосылған өзгерістерді жергілікті денсаулық сақтау органдарына, ведомстволық медициналық қызметтерге, сондай-ақ, азаматтарын шет елге жіберуді ұйымдастыратын министрліктерге, агенттіктерге, комитеттерге, қоғамдық ұйымдарға, ведомстволарға жібереді.

- Қазіргі кезде халықаралық байланыстар күрт өсіп келеді. Тұрғындардың мемлекетаралық миграциясының күшеюіне қазіргі заманғы тасымалдау жүйесінің дамуы едәуір әсер етіп отыр. Жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу үшін карантин қолдану XIV ғасырдан бастап белгілі. Карантиндік инфекциялардың таралуына жол бермеу үшін халықаралық шаралар тәжірибесі аса маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді: мемлекеттер арасында эпидемиологиялық ақпараттармен жылдам алмасудың орталықтандырылған жүйесі болмайынша, тиісті ұлттық және халықаралық қауіпсіздік шараларын дер кезінде қабылдау мүмкін емес.
- Конвенциялық ауру- ол ақпарат беру жүйесі және алдын алу шаралары халықаралық келісімдермен (конвенциямен) қарастырылған ауру.
- 1952 жылдың 1 қазанынан бастап Халықаралық медициналық –снитарлық Ереже енгізілді.



- Айтылған ережелерде қарастырылған талаптар орындалмаған жағдайда, көліктердің, жеке тұлғалар мен шет ел азаматтарының елден шығуына-келуіне, республика аумағына жүктердің, заттардың әкелінуіне, әкетуіне тыйым салынады, сондай-ақ, халықаралық пошта жұмысы шектеліп немесе мүлде тоқтатылады.

- "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары туралы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінде қарастырылған.



Қорытынды:

- Мұндай жағдайда жарақаттанған халық төтенше дәрігерлік – санитарлық көмекті қажет етеді, ұйымдастырудың ең радикалды өзгерісі және басқару органдарының, емдеу – алдын алу мекемелерінің және санитарлық – экономикалық қызметтің жұмыстарының әдеттегі ырғағы талап етіледі. Індетке қарсы шаралар медициналық (емдеу мекемелері, төтенше медициналық көмек орталықтары және т.б.) және медициналық емес (күтқарушылар, халық және т.б.) күштермен және қаражат – құралдармен өткізіледі. Сонымен қатар, жұқпалы аурулардың таралуы жалпы сипаттамаға ие болып, уақыт пен кеңістіктің белгілі бір шекараларында эпидемиологиялық ошақ қалыптастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Эпидемиология Беляков В.Д
- 2. Общая эпидемиология с основами доказательной медицины - Покровский В.И.
- 3. Научно-практическое руководство по малярии - Стегний В.Н.
- 4. Модели и методы популяционных эпидемиологических исследований социально значимых заболеваний - Косых Н.Э.



**Назарларыңызға
рахмет!**